



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

“ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ОРТАҚ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ” АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

“МЕКТЕП - ЖОО” БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІКСЕРІКТЕСТІКТІҢ РОЛІ” ДИАЛОГТЫҚ АЛАҢЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА
“АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПАРТНЕРСТВА
В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОВМЕСТНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ”

ДИАЛОГОВАЯ ПЛОЩАДКА
“РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В УПРАВЛЕНИИ ИННОВАЦИЯМИ В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ “ШКОЛА - ВУЗ”

COLLECTION OF MATERIALS OF THE INTERNATIONAL FORUM
“ACTUAL PROBLEMS AND PROSPECTS OF STRATEGIC PARTNERSHIP
IN THE FIELD OF HIGHER EDUCATION: JOINT EDUCATIONAL PROGRAMS”

DIALOGUE PLATFORM
«THE ROLE OF SOCIAL PARTNERSHIP IN THE MANAGEMENT
OF INNOVATIONS IN THE EDUCATIONAL SPACE «SCHOOL - UNIVERSITY»



Қостанай, 2018
Костанай, 2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

**«ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
СЕРІКТЕСТІКТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ:
ОРТАҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФОРУМ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**«МЕКТЕП-ЖОО» БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ
БАСҚАРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ РӨЛІ»
ДИАЛОГТІК АЛАҢЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО
ПАРТНЕРСТВА В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОВМЕСТНЫЕ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ»**

**ДИАЛОГОВАЯ ПЛОЩАДКА
«РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В УПРАВЛЕНИИ ИННОВАЦИЯМИ В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ «ШКОЛА-ВУЗ»**

**COLLECTION OF MATERIALS OF THE INTERNATIONAL FORUM «ACTUAL
PROBLEMS AND PROSPECTS OF STRATEGIC PARTNERSHIP IN THE FIELD
OF HIGHER EDUCATION: JOINT EDUCATIONAL PROGRAMS»**

**DIALOGUE PLATFORM
«THE ROLE OF SOCIAL PARTNERSHIP IN THE MANAGEMENT OF
INNOVATIONS IN THE EDUCATIONAL SPACE «SCHOOL - UNIVERSITY»»**

ҚОСТАНАЙ, 2018
ҚОСТАНАЙ, 2018

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Ахметов Тілеген Әлмұханұлы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Даумова Батима Бексултанқызы**, Қостанай облысы білім басқармасы «Қостанай индустриалдық-педагогикалық колледжі» МКҚК директоры, PhD докторы;
- **Оспанов Серікбай**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының профессоры, аға ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Айдналиева Назгүл Аманжолқызы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психология және педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Өтегенова Бибігүл Мазанқызы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Онищенко Елена Анатольевна**, Қостанай қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының директоры;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы**, педагогика ғылымдарының магистрі.

Ж 78 «Жоғарғы білім беру саласындағы стратегиялық серіктестіктің өзекті мәселелері мен перспективалары: ортақ білім беру бағдарламалары» = «Актуальные проблемы и перспективы стратегического партнерства в сфере высшего образования: совместные образовательные программы» – Қостанай, 2018. – 98 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-7934-60-6

«Жоғарғы білім беру саласындағы стратегиялық серіктестіктің өзекті мәселелері мен перспективалары: ортақ білім беру бағдарламалары», «Мектеп-ЖОО» білім беру кеңістігінде инновацияларды басқарудағы әлеуметтік серіктестіктің ролі» Халықаралық форумы аясында өткен «Білім беру кеңістігінде инновацияларды басқарудағы әлеуметтік серіктестіктің ролі» диалогтық алаңының материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: ЖОО және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалының мамандары жоғарғы білім берудің заманауи реформалары контекстіндегі білім берудегі өзгерістер мен сабақтағы білім беру әдістерімен бөлісті. Алаңдағы талқылауға негіз болған тақырып – қазіргі заманғы білім беру мазмұнына инновацияларды енгізу мен оны модернизациялау міндеттерін жүзеге асырудағы педагогикалық жоғарғы оқу орны мен мектептің әлеуметтік серіктестігі.

Бұл жинақ жоғарғы оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және студенттерге арналған.

В сборник включены материалы диалоговой площадки «Роль социального партнерства в управлении инновациями в образовательном пространстве «Школа-ВУЗ» Международного форума «Актуальные проблемы и перспективы стратегического партнерства в сфере высшего образования: совместные образовательные программы».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и специалисты филиала «Центра педагогического мастерства» поделились опытом исследовательских практик, изменений в преподавании на основе современных реформ общего и высшего образования. Основным вопросом обсуждения на площадке было социальное партнерство педвуза и школы по реализации задач модернизации и внедрения инноваций в содержание современного образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, студентов.

ӘОЖ 37.8
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-7934-60-6

©Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018
©Костанайский государственный педагогический университет,
2018

незнания к знанию, от неумения решать сложные задачи - к творческим навыкам выбора способа их решения.

Отмечу также, что кропотливая работа учителя будет результативна только в том случае, если педагог сможет установить со своими учениками партнерские отношения. Превосходство учителя при этом выражается лишь в уровне знаний, умений и его способности передать их ученику.

Таким образом, реализация вышеназванных подходов, принципов и правил в работе с одаренными детьми по подготовке их к участию в предметной олимпиаде приводит к успешному выступлению учеников нашей школы на городских и областных этапах олимпиад, где они показывают высокие результаты.

В завершении своего выступления отмечу следующее.

При работе с одарёнными детьми учителю необходимо:

- обогащать учебные программы, т. е. обновлять и расширять содержание образования;
- стимулировать познавательные способности учащихся;
- работать по специальному учебному плану;
- работать дифференцированно, осуществлять индивидуальный подход и консультировать учащихся;
- принимать взвешенные психолого-педагогические решения;
- анализировать свою учебно-воспитательную деятельность;
- отбирать и готовить материалы для коллективных творческих дел;
- уменьшать стресс учащихся.

Работа с одаренными учениками, по сути, является для педагога своеобразным экзаменом в профессиональном, личном и даже в духовно-нравственных отношениях. В случае успеха она принесет ни с чем несравнимые положительные переживания, в случае неудачи — соответственно отрицательные.

Но в обоих случаях это дает возможность пережить «точку роста», продолжая путь своего профессионального и личностного становления.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Ульжебаева Ляззат Кенжебаевна
«Қостанай қаласы білім беру әкімдігінің №7 ОМ» ММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

*«Дарынды тұлға-халқымыздың ең қымбат байлығы»
Н.Ә.Назарбаев*

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында білім беруді инновацияландыруға сай икемдеу үшін білім

беру жүйесін ақпараттындыру, жаңа талапқа сай дамыту талабы қойылып отыр. Осы талапқа сай бүгінгі таңда білім беруде жеке тұлғаны дамыту, дана және дара ойлай алатын дарынды баланы оқыту мен тәрбиелеу жолдарын айқындау қажеттігі айқын.

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өнуі, әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Сондықтан да, мемлекет басшысы Н.Назарбаев болашақта қазақ елінің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас дарындарға үлкен назар аударуда, қолдау көрсетуде. Осы орайда қандай да болмасын білім беру мекемесі оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай білім берумен шектеліп қалмай, оларды ғылыми ізденіс жұмыстарға тартып, шығармашылық, дарындылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс жүргізуі тиіс.

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алуына, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған, білімді, өз ісін және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Бүгінгі білім берудегі тәжірибе оқушылардың әртүрлілігін көрсетіп отыр. Білім берушінің алдындағы басты назар аударатын негізгі міндеттердің бірі – дарынды балаларды анықтап, оларға адамгершілік қасиеттерді дарыту, шығармашылыққа үйрете отырып, терең біліммен қаруландыру. Қазіргі таңда дарынды бала сөзі жиі қолданылып жүр. Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Бүгін барлық оқушы дарынды оқушы. Бұл қасиетті байқап, оның бар екеніне көзжеткізіп, бойындағы дарынын одан әрі өрбітуге, ұштауға, арман асуларын жұлдыздай жарқырап, тау бұлағындай мөлдіреп, халқының, ата-анасының мақтанышы болуға мүмкіндік жасау мұғалімге артылатын жүк.

Дарындылық – баланың алғырлығы, зерделігі, қабілетімен дамып отыратын үздіксіз процесс болғандықтан, айрықша табиғи қабілеті мен нақты пәндерден ерекше дарындылығы бар балалардың интеллетуалдық қабілетін дамыту, шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру. Дарындылықты қалыптастыру мен дамытуда мұғалімнің алар орны ерекше. Осы орайда білім алушының қабілетін айқындай отырып, дарындылығын анықтау - баланың дамуын бағдарын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Осы тұрғыда алдымен дарындылық ұғымын анықтап алсақ. «Дарындылық» ұғымы "сый" ("дар") деген сөзден шыққан, дамудың алғышартын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төменгідей анықтама беріледі. "Дарындылық - белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі".

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы және адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Осы мәселе негізінде дарындылықты анықтап алу негізге алынуы шарт. Дарындылықты анықтауда бірнеше жақта қарастырылды. Олар: **интеллектуалдық дарындылық, шығармашылық дарындылық, әртістік дарындылық, музыкалық дарындылық, техникалық дарындылық және спорттық дарындылық.** Баланың жанына жақын дарындылықты дәл тауып, соны жандандыруға жұмыс жасалынғанда дарынды баламен жұмыс өз нәтижесін табады.

Дарындылық - жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры. Дарындыларды шығармашылық жолға бағыттап, оны іске асыра білу және ғылыми - білім кеңістігінде қалыптасқан жеке тұлға үшін мына талаптар мен міндеттерді мұғалім ескеруі керек.

Міндеттері:

- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- өзін-өзі бақылау мен өз білімін жетілдіру;
- жеке тапсырмалар беру арқылы оқыту;
- жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілетін анықтау.

Осы міндеттерді орындау үшін және оқушылардың дарындылығын анықтауға қойылатын талаптар:

1.Шығармашылық:

- ойлау;
- қабілет.

2.Мотивация (жеке-мотивациялы ерекшелік).

- күрделі тапсырмаларды шешуге ұмтылыс;
- пәнге қызықтыру.

3.Оқушылардың әлеуметтік үйренуі:

- сөйлесуде;
- тәртібінде.

Дарынды оқушыларды таңдау барысында төмендегідей ерекшеліктерге назар аударамын:

1. Дарынды бала өзгеше және шапшан ойлайды.
2. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі, өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп қояды.
3. Дарынды оқушының физикалық тұрғыдан ерекшелігі: дамудағы шапшандық, ақындарша сөйлеу, жиі-жиі ойға берілуі, қиял-күйі басым түседі.
4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі: адамгершілік сезімдерінің ерте дамып, жоғары моральдік қасиеттерге ие болуы.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. **Осы айтылғандарды ескере отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынандай ұстанымдары тұжырымдалады:**

1. Баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу.

2. Дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану.

3. Баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау.

4. Жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу, мұғалімдер мен ата-аналардың сипаттамалық бағалары.

5. Түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін жан-жақты бағалаудың кешенді сипаты.

Мұғалімнің бағыт-бағдарына байланысты талаптар:

- Дарынды оқушымен жұмысқа тұрақты қызығуы, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі;

- Дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;

- Дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге ұмтылуы;

Ғылыми жоба тақырыптарын таңдау ережесі Заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған орай оқушылардың дарындылығын арттыруда жаңа технологиялардың алатын орны ерекше. Мен өз тәжірибемде сын тұрғысынан ойлауды дамыту, сатылай кешенді талдау, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, ақпаратты-коммуникативті технологияларын үздіксіз пайдаланудамын. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушы өз ойын еркін түрде жеткізе алуға дайындалады. Кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен тқарауға үйретеді. Проблемалық оқыту арқылы оқушылар бұрынғы алған білімдерін нәтижелерді қорыту, жаңа білім, іскерліктермен ұштастыру арқылы тәжірибемен байланыстырады. Сатылай кешенді талдау арқылы оқушының ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттері қалыптасады. Ал ақпараттық-технологиялар арқылы оқушылар жаңашылдыққа ұмтылады (интернет желістерімен жұмыс жасау, қашықтық олимпиада, түрлі сайыстар).

Сонымен қатар, сабақтарда интеграция әдісін жиі пайдаланамын. Өз пәнімді биология, өнер, технология, экология, география, музыка пәндерімен байланыстырамын. Пәнаралық байланыс оқушылардың өзіндік ойын қалыптастыруға, ізденіске, шығармашылыққа талпындырады.

Оқушылардың теориялық білімдерін іс жүзінде тиімді қолдану дағдылар қалыптастыру жұмыстарын үнемі жүргізу оларды шығармашылыққа баулуға, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге әсерін

тигізеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді нақтылау мақсатында өз тәжірибемді ұсынамын.

«Дарындылық – белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі». В.Крутецкий айтқандай өзім сабақ беретін сыныптардағы оқушыларды саралай келе олардың ішінен өз пәніме жақын оқушыларды таңдап алдым. Сонымен бірге мектеп психологымен бірлесе отырып аталған оқушылардың дарындылық түрлерін анықтадық.

Оқушы саны	Дарындылық түрі	Шығу түрі
4	Академиялық	Пән олимпиадасы
3	Ақыл-ой	Мәнерлеп оқу
3	Шығармашылық	Өз шығармашылығы, шығарма жазу, ғылыми жоба

Жоғары таңдап алған оқушыларға төмендегідей талап қойылады:

1. Кез келген жұмыстарын еркін түрде білу.
2. Өз бетінше кез-келген мәліметпен жұмыс жасай білу, іздену, зерттеу, жүйелеу.
3. Зерттеген тақырып бойынша қорытынды жасау.
4. Кез келген ортада өз білімін, қабілетін көрсету.

Таңдап алған оқушылар қала, облыс, республика деңгейінде өткізілетін жұмыс түрлерімен жұмыс жасалды. Олар ғылыми-жоба, Абай оқулары, шығарма сайыстар, пән олимпиадасы. Осындай жұмыс түрлерін сәйкестіндіре отырып, оқушылардың қабілеттеріне сәкес өлшем әдісін жасадым.

1) «Зият» қазақ тілінен қашықтық олимпиада- бұл зияткерлік сайыс оқушының мектеп бағдарламасы аясында, тек кітаптан алған біліммен шектелмейді. Сайыстың негізгі мақсаты: «Зият» қазақ тілінен қашықтық олимпиада порталына тіркеліп, белгіленген күні мен берілген уақыттың көлемінде, қатысушы ешкімнің көмегінсіз тапсырмаларды өзі орындауы керек. Оқушылар ұсынған тест барысында көп нәрсені еске түсіріп, нәтижелі жұмыс жасай алады.

Жылда өтетін өзге ұлт өкілдері балаларының қазақ тілін білу деңгейі бойынша облыстық «Тіл шамшырақтары » -сайысы. Конкурстың негізгі мақсаты: тілге бейімі бар дарынды оқушыларды қолдау, көп тілді меңгерген жеке тұлғаның қазақ тілінде мәдени ортада қарым-қатынас жасауына ықпал етуін қалыптастыру.

Нәтижесі төмендегідей,

Оқу жылы	Оқушы саны	Сыныбы	Дарындылық түрі	Сайыс түрі	Деңгейі	Нәтижесі
2015-2016	5	5 «Б» 8 «А», 8» Б»	ақыл-ой	«Зият» қашықтық олимпиада	республикалық	1,3 орын
2016-2017	5	6 «Б»	ақыл-ой	«Зият» қашықтық олимпиада	республикалық	1,2 орын
	1	6»В»	ақыл-ой	«Тіл шамшырақтар» сайысы	облыстық	3 орын
2017-2018	4	5 «Г»	ақыл-ой	«Зият» қашықтық олимпиада	республикалық	1,2,3 орын

2) Жылда өтетін «Абай оқулары» қалалық мәнерлеп оқу сайысына белсенді қатысу менің оқушыларыма дәстүрге айналды. 5 жыл қатарымен осы сайысқа қатысып келеміз. Сайысқа дайындық барысында оқушым ұлы Абай атамyzдың дайын шығармалары аясында кітаптағы өлеңдерді жаттап алады. Оқушылардың дикциясының тазалығы мен дауыс мәнеріне назар аударып, поэзиялық шығармаларды мәнерге салып оқуларын қадағалаймын. Нәтижесі төмендегідей,

Оқу жылы	Оқушы саны	Сыныбы	Дарындылық түрі	Сайыс түрі	Деңгейі	Нәтижесі
2015-2016	1	6 «Г»	ақыл-ой	Абай оқулары	қалалық	3 орын
2016-2017	1	7 «Г»	ақыл-ой	Абай оқулары	қалалық	2 орын
2017-2018	1	8 «Г»	ақыл-ой	Абай оқулары	қалалық	2 орын

3) Пән олимпиадасы. Оқушы берілген дайын білім аясында жауап ұсынады. Мектеп бағдарламасымен ғана шектеледі. Бұл жұмыс түрі екі тур бойынша жүзеге асырылады. 1 турда оқушылардың оқылым, айтылым, жазылым дағдылары тексеріледі. 2 турда оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілеттері тексеріледі. Нәтижесі төмендегідей,

Оқу жылы	Оқушы саны	Сыныбы	Дарындылық түрі	Сайыс түрі	Деңгейі	Нәтижесі
2014-2015	1	7 «Г»	ақыл-ой	пән олимпиадасы	қалалық	3 орын

2015-2016	1	8 «Г»	ақыл-ой	пән олимпиадас а	қалалық	2 орын
2017-2018	1	11 «Г»	ақыл-ой	пән олимпиадас а	қалалық	3 орын

4) Шығарма- Оқушы берілген немесе еркін тақырып аясында өзінің ұшқыр ойын, жүйрік қиялын өмірмен байланыстыра сипаттайды.

Сабақ үстінде шығарма жазуға бейім оқушыларға үнемі тіл байлығын дамыту, жетілдіру мақсатында еркін тақырыпта ойтолғау, шағын эссе, мақал-мәтелдің негізінде әңгіме жазу, сурет бойынша әңгіме жазу сынды жұмыстарды жүргіземін. Нәтижесі төмендегідей,

Оқу жылы	Оқушы саны	Сыныбы	Дарындылық түрі	Сайыс түрі	Деңгейі	Нәтижесі
2015-2016	1	6 «Б»	шығармашылық	шығармашылық байқау	қалалық	ынталандыру
2016-2017	1	8 «Г»		шығармашылық байқау	қалалық	3 орын
2017-2018	1	11 «Г»		шығармашылық байқау	қалалық	3 орын

5) Ғылыми жоба. Оқушы жүйелі түрде бір жыл шеңберінде жұмыс жасайды. Берілген тақырып аясында зерттеу журналын жасап, өзі жұмыстың өзектілігін тауып, мәселенің шешу жолдарын қарастырады. Оқушылармен ғылыми жоба жазу үшін көбінесе қазіргі таңдағы өзекті тақырыптарды ұсынамын. Оқушылар өздері ізденіп, мәлімет жинақтайды. Жинақталған мәліметтерді біріктіре отырып, бірлесіп жұмыстың өзектілігін тауып, шешу жолдарын қарастырамыз.

Оқу жылы	Оқушы саны	Сыныбы	Дарындылық түрі	Сайыс түрі	Деңгейі	Нәтижесі
2015-2016	1	8 «А»	ақыл-ой	ғылыми жоба	қалалық	2 орын
2016-2017	1	10 «А»	ақыл-ой		қалалық	3 орын

Осы жасалынған өлшем әдісімен жұмыс жасағаным 10 жылдай уақыт болды. Нәтижесінде әр өлешеммен жұмыс жасаған балалар жіктеліп, бір ғана жұмыс түрін жүзеге асыратындығы байқалды. Осы оқушылардың

ішінде жүлделі орындарға ие болған шәкірттерім Вянцловайе Николь, Калашеева Анастасия, Ляхов Виктордың ерекше айтуға болады. Жалпы дарындылық сатысы 5-сыныптан бастау алып, 11 сыныпқа дейін жоғарылап, түрлі деңгейдегі жұмыс түрлері арқылы толығыады.

Аталмыш жұмыстар жүйелілікке негізделіп, дарынды оқушымен жұмыс түрлері іске асу барысында оқушының өзін өзі бақылауы негізінде төмендегідей өзгешелікті байқауға болады:

1. Интеллектуалды эмоциялық бірлікті сақтай біледі;
2. Шешім қабылдайды;
3. Сенімділік туындайды;
4. Өзгелермен салыстырады;
5. Өзін-өзі бақылайды;
6. Жауапкершілік туындайды;
7. Мінез-құлқы өзгеріледі;
8. Ғылыми тұрғыда ізденеді;
9. Материалдарын жинақтайды.

Дарынды баламен жасалынатын жұмыс барысында төмендегідей бағыт-бағдарды жоспарлаған орынды:

1. Оқушымен жасалынатын жұмыстың икемді және ұтқыр формасы құрылуы тиіс;

2. Жеке пәндерді оқытуда бағдарламадан тыс материалдар негізі қамтылып, тәуелсіз құрылымы жасалуы қажет;

3. Дарынды оқушының ғылыми жұмысының жоспары өзі қалауындай етіп жасағаны орынды, өзіндік шешім қабылдауына ықпал ету қажет;

4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты мұғалімнің өзіндік оқу жоспарын құру;

5. Оқушыға ЖОО-на ғылыми жетекшілік жасайтын ұстаз бен тығыз байланыс жасауына ықпал ету;

6. Дистанциялық оқуды ұйымдастыру.

Дарынды баланың жасаған жұмысына қолдау көрсету де оның болашағына ерекше әсер береді. Оның өзінің білімділігіне деген сенімділігі арта түседі. Қолдау көрсету дегеніміз өзі баланың жұмысын таныстыру, тарату ұғымдарымен астасып жатады. Ол:

1. Тәжірибелерін газет, журнал беттеріне беру;
2. Байқауларға қатысу;
3. Іс-шаралар ұйымдастыру;
4. Мектептермен тәжірибе алмасу.
5. Бақылау күнделігін жазып отыру;
6. Психологиялық материалдар жинақтау;
7. Кітапша құрастыру.
8. "Реферат";
9. "Портфолио"

Қорыта айтқанда, білім беру жүйесінде жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған шығармашыл, рухани ой-өрісі кең, жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр. Өйткені білім мен ғылымды көтеріп еліміздің абыройын асқақтататын, дүниеге танытатын жеке тұлғалар.

Сол жеке тұлғалар бүгінгі біз тәрбиелеп жатқан дарынды балалардан шығады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2008 жыл.
2. «ҚР Білім туралы заңы», 2007 жыл.
3. «ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Астана 2007 жыл.
4. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы
5. Н. Кударова «Дарынды балалармен жұмыс істеудегі оқу-тәрбие үрдісінің рөлі» .
6. Бастауыш мектеп журналы №7, 2007 жыл.
7. К. Бекбаева «Ауыл мектебіндегі дарынды балалармен жұмыс » Дарын журналы №7, 2007 жыл.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ РӨЛІ

Шалгимбекова Алия Батырхановна
ҚМПУ аға оқытушысы,
Салыкова Асель Дарияновна
№ 8 ОМ қазақ тілі және әдебиетінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

«Өскелең елдің болашағы оның жас ұрпағының білімділігімен өлшенетіні бүгінгі таңда ақиқатқа айналып отыр. Сондықтан кез келген елдің даму тенденциясының негізгі бағыттарының бірі - білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады.

Өйткені, білім мен ғылым қоғам дамуының қайнар көзі, негізгі факторы ретінде қарастырылады және білім беру сапасын арттыра отырып қана, біз тауарлар мен білім беру саласында еліміздің әлем нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете аламыз...»

Н.Ә. Назарбаев

Біз әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуына куә болып отырмыз. Баршаның көз алдында білім парадигмаларының ауысуы жүріп жатыр; басқаша мазмұн, басқаша

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

1	Әбіл Е.А. Вступительное слово.....	4
2	Утегенова Б. М. Непрерывность как стратегия современного профессионального образования при взаимодействии науки, образования и школы.....	5
3	Онищенко Е.А. Организация исследовательской деятельности учителя как социальное партнерство школы и вуза.....	8
4	Шоканова Л. Ш. Использование внешних связей в профессиональном самоопределении учащихся.....	12
5	Быкова Ю. А. Профессиональная поддержка педагогов в подготовке учащихся к олимпиадам и исследовательской деятельности.....	15
6	Ахметов Т. Ә. Кеңес Одағы ғалымдары Ыбырай Алтынсарин туралы.....	19
7	Домничева Л. К. Из опыта работы с одаренными детьми на уроках географии.....	25
8	Ермаганбетова А. Ж. Болашақ педагогтардың рефлексиялық кұзіреттіліктерін қалыптастыру	33
9	Захарова Н. Н. «Детские исследования – это важно!».....	36
10	Иванова Е. Н. К вопросу формирования социально-нравственной направленности студентов педагогического вуза	39
11	Калиев Д. Д. Дебат технологиясын оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктері.....	42
12	Курманбаева И. С., Батура Л. В. Система работы с талантливыми и одаренными учащимися.....	47
13	Нургалиева А. Ж. Система работы с одаренными детьми.....	57
14	Нургалиева А. Ж. Система учителя русского языка и литературы.....	62
15	Озолина Е. А. «Использование электронных образовательных ресурсов в начальной школе».....	64
16	Саин Д. А., Беркенова Г. Жоба әдісінің кәсіптік оқыту мұғалімдерін дайындаудағы маңызы.....	67
17	Смагулова Г. Г. Оқушыларды олимпиада мен зерттеу іс-әрекетіне дайындауда мұғалімдерге кәсіби қолдау.....	70
18	Сметанюк Н. Ю. «Формирование универсальных учебных действий школьников при подвижном способе организации учебного занятия в начальной школе».....	72
19	Смирнова Т. В. Работа с одарёнными детьми. «Гениями не рождаются».....	74
20	Ульжебаева Л. К. Дарынды балалармен жұмыс түрлері.....	78

21	<i>Шалгимбекова А. Б., Салыкова А. Д.</i> Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың сапасын арттыруда әлеуметтік серіктестіктің рөлі.....	86
22	<i>Шужебаева А. И., Мнайдарова С. С.</i> Педагогическое сотрудничество и общение как средства коррекции агрессивного поведения детей.....	92